

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

сатып алу туралы

<тауардың атауы>

<тапсырыс берушінің аймағы>

<шарт күні, айы, жылы>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс берушінің қол қоятын адамының лауазымы және ТАӨ> арқылы бір жағынан және <жеткізушінің резиденттік білгісі> болып табылатын, <лицензия, рұқсат беретін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің толық атауы>, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің қол қоятын адамының лауазымы және ТАӨ> арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына және <хаттаманың бекітілген күні> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <тауардың атауы> сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес осы шартты (бұдан әрі - Шарт) төмендегілер туралы жасасты.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <тауардың атауы> (бұдан әрі - Тауар) сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушінің <ҚҚС сомасын қоспағанда> ___ теңге ___ тиын (___ теңге ___ тиын) сомасына баға ұсынысын қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Тауарды Тауар бірлігінің бағасына, техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген атауына, санына, жиынтығына сәйкес Шартта көзделген мерзімде және талаптарда жеткізуге міндеттеме алады.

1.3. Сатып алынатын Тауардың тізбесі мен техникалық ерекше нұсқамасы Шартқа 1 және 2-қосымшаларда көзделген.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) (бұдан әрі - Шарттың жалпы сомасы) болады, _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі Тауар құнынан, < _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан тұрады (егер Жеткізуші ҚР резиденті және ҚҚС төлеушісі болса қолданылады)>.

Шарттың жалпы сомасы сақтандыруды, салықтарды, баждарды және өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Тауарды жеткізумен байланысты барлық шығыстарын қамтиды (қажет болған кезде).

Шарттың жалпы сомасы сатып алынатын Тауардың нақты санына байланысты Тауардың бір бірлігінің бағасы өзгермей азайтылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың Шартқа қосымша келісім жасауы талап етілмейді.

Жеткізілген Тауардың нақты саны <Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы> _____ (бұдан әрі – Акт) көрсетіледі.

2.2. Тапсырыс беруші Шарт бойынша ақы төлеуді Жеткізушінің банктік шотына мынадай тәртіппен ақша аударады:

Жеткізуші төлем шотын (шот-фактураны) (Жеткізуші бейрезидент болса, инвойсты) берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жеткізуші жеткізген және Тапсырыс беруші қабылдап алған Тауардың саны үшін төлейді.

Төлем шоты (шот-фактура) (Жеткізуші бейрезидент болса, инвойс) Тараптардың екеуі де Актіге қол қойғаннан кейін беріледі.

Қағаз тасымалдағыштағы төлем шоты (Жеткізуші бейрезидент болса, инвойс) Тапсырыс берушіге Жеткізушінің басшысы немесе оны ауыстыратын тұлға қол қойған ілеспе хатпен бірге беріледі. Ілеспе хатта Жеткізуші Шарттың атауын, күнін және нөмірін көрсетуі тиіс.

Шот-фактураны Жеткізуші Қазақстан Республикасының (бейрезиденттер үшін – Жеткізуші елінің) салық заңнамасына сәйкес жазып береді.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де осыған ұқсас төлемдерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда Тараптар екі Тараптың да қосымша келісімге қол қоюы арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы ұсталады.

Факсимильді байланыс және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші болады және Тапсырыс беруші оларды кейіннен 5 (бес) (жұмыс) күн ішінде түпнұсқаларға ауыстыра отырып қабылдайды (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс орналасқан Жеткізушілер үшін).

2.6. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүзеге асырады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР бейрезиденті болып табылған жағдайда қолданылады).

2.7. Тараптар қажеттілікке қарай Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылған тиісті акті жасай отырып, екі жақты тәртіппен өзара есеп айырысуларды салыстырып тексереді.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізушіні Тауардың жеткізілу барысына, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санына бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті жауапты адамдар туралы хабардар етуге;

2) Жеткізуші Шарт талаптарына сәйкес жеткізген Тауарды <Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы> негізінде қабылдауға;

3) Шарт талаптарына сәйкес Шарт бойынша ақы төлеуге міндеттенеді;

4) Тауардың үлгісі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Тауардың үлгісін Шарттың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеруге. Қарау нәтижелері бойынша Жеткізушіге жазбаша қорытынды жіберуге. Шарттың талаптарына сәйкес келетін Тауар үлгісі Тапсырыс берушіде бақылау үлгісі ретінде қалады. Тауардың қалған бөлігін Тапсырыс беруші ол бақылау үлгісіне сәйкес келген кезде қабылдайды. Бұл ретте бақылау үлгісі Шартта көзделген Тауардың жалпы санына кіреді;

5) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалаушылық, лауазымды тұлғаны параға жығу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа құқыққа қарсы іс-әрекеттер анықталған жағдайда, ол туралы Тараптардың басшыларына және уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлауға;

6) Шарттан туындайтын және онда реттелмеген мәселелерді және Тараптардың басқа да қатынастарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге және/немесе реттеуге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

1) Тауарды қабылдау-өткізу барысында оның техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін растау үшін Тауардың сапасы мен санын тексеруді жүзеге асыруға;

2) Тауардың жеткізілу барысын, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санын бақылауға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;

3) қабылдау-өткізу барысында немесе кепілдік мерзімі кезеңінде Тауарда кемшіліктер, ескертулер, жиынтықтың және (немесе) модельдердің сәйкессіздіктері (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда оны бағасы ұқсас және тиісті сападағы жаңа (немесе сапалық сипаттамасы жақсартылған) Тауарға ауыстыруды талап етуге немесе Шартта белгіленген мерзімде ақауларды жоюға не Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тарту жібере отырып, Тауарды қабылдаудан және оған ақы төлеуден бас тартуға;

4) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алған жағдайда ахуалды бағалауға және өз қалауы бойынша және Жеткізушінің кінәсінен тыс туындаған объективті себептер болған кезде Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

5) Шарттың осы тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;

6) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға;

7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда ақы төлемеуге;

8) Шарт талаптарына және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жеткізушіге есептелген тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) шегеріп тастап төлем жүргізуге;

9) Шарттың 2.2-тармағында көрсетілген қағаз тасымалдағыштағы немесе электронды түрдегі құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда, Жеткізушіге себептерін көрсете отырып, қағаз тасымалдағыштағы құжаттарды қайтаруға немесе электронды құжатты қабылдауға

келіспейтіні туралы хат жолдауға;

10) кепілдіктің қолданылу кезеңінде Тапсырыс берушінің кінәсінен туындамаған ақаулар анықталған жағдайда, ақаулар анықталған күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде Жеткізушіге ақаулардың бар екендігі туралы жазбаша хабарлама жіберуге;

11) Шартқа сәйкес басқа Тарапқа кез келген хабарлама жіберген кезде оны почтамен, факспен, электрондық почтамен немесе кез келген басқа тәсілмен жіберуге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

1) Тауарды тиісті сапада, Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген санда, мерзімде және талаптарда жеткізуге;

2) Тараптар Актіге қол қойғанға дейін Тауардың жоғалу, бүліну немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін көтеруге;

3) Тапсырыс беруші қабылдау-өткізу барысында немесе кепілдік мерзімі кезеңінде Тауардан ақаулар анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оны ауыстыруға;

4) Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап 6 ай ішінде тауардың сапасына кепілдік беру *<тауарды жеткізу фактісін растайтын және шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы>* Тапсырыс берушіге кепілгердің (Жеткізушінің) міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама беру арқылы;

5) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған жасырын және басқа да ақпаратты жария етпеуге және құпия сақтауға;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шарттың уақтылы орындалуына кедергі келтіретін талаптарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кідіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

8) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін біреуге толық не ішінара бермеуге (*қажет болғанда*);

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

10) Тапсырыс берушінің бірінші талап етумен Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат беруге;

11) Жеткізушінің Шарт талаптарын орындамауынан және/немесе тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттерден туындаған, Тапсырыс берушіге келтірілген шығындарды оған толық көлемде өтеуге;

12) Тауарды жеткізу күні және Тауар әкелетін көліктің нөмірі туралы Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге, сондай-ақ Тауарды қабылдау--өткізуге қатысушылардың, өкілдерінің деректерін хабарлауға;

13) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын (шетелдік азаматтар мен шетелдік ұйымдардың өкілдері үшін 25 (жиырма бес) жұмыс күні

бұрын):

Тауарды жеткізуге тартылатын қызметкерлердің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, олардың тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, Тапсырыс берушінің аумағы мен ғимаратына кіруге рұқсат беру туралы (қажет болған жағдайда беріледі);

атауын, маркасын, типін және санын көрсете отырып, жабдықтар мен құралдарды әкелу туралы (қажет болған жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрі мен санын және Шарт талаптарын орындау барысында оларды пайдалану қажеттігін негіздей отырып, оларды пайдаланатын тұлғаларды көрсету арқылы, қызметтік: есептеуіш техника құралдарын (компьютерлерді, тасымалды компьютерлерді және басқаларын), тасымалды электронды ақпарат тасымалдағыштарын (флеш-дискілерді, CD, DVD-дискілерді, магнитті таспаларды, ZIP, қатқыл дискілерді және басқаларын), бейне-, кино-, фототүсіру функцияларынсыз және ашық операциялық жүйе мен функцияларсыз ұялы телефондарды (Wi-Fi, Wi-Lan, Bluetooth, IR және басқа сымсыз қолжетімді модульдерін) алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

маркасы мен мемлекеттік нөмірін көрсете отырып, көлік құралдарын (тіркеу құжаттары бойынша) кіргізу туралы (қажет болған жағдайда ұсынылады) хат жіберуге;

14) Тапсырыс берушінің аумағы мен ғимаратына кіру кезінде жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуге және (кіру/шығу кезінде) тиісті тексеру рәсімдерінен өтуге;

15) бақылау-өткізу пунктінің (бұдан әрі - БӨП) көлік шлюзі арқылы жіберілетін көлік құралдарындағы адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарды, көлік құралдарының тіркеу құжаттарын, құндылықтарға ілеспе құжаттарды өзімен бірге алып жүруге және көрсетуге және келу мақсаты туралы хабарлауға;

16) Тапсырыс берушінің аумағына (аумағынан) және ғимаратына (ғимаратынан) мына заттарды:

атыс, суық және өзге де қаруларды, оқ-дәрілерді;

адам ағзасына емдік немесе профилактикалық әсер етуді қолдауға не ағзаның органдары мен жүйелерінің функцияларын алмастыруға немесе түзетуге арналған медициналық аппараттар мен жабдықтарды қоспағанда, жеке көзбен шолып бақылау құралдарын, бейне -, кино - және фотоаппаратураларды, жазу құрылғыларын, есептеу техникасын, ақпаратты машиналық тасымалдағыштарды (флеш-карталар, USB-дискілер және басқалар), ұялы байланыс құралдарын, сондай-ақ оларға керек-жарақтарды, жеке электрондық техниканы, радиотехникалық және басқа да аппаратураларды;

деректерді беру, сондай-ақ халықаралық жаһандық желілерге және Интернет желісіне шығу мүмкіндігі бар техникалық құрылғыларды, оның ішінде сымсыз құрылғыларды (Wi-Fi, Bluetooth, 3G, 4G, 5G және басқалар);

уландырғыш заттар мен күшті әсер ететін улы заттарды;

бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттарды;

радиоактивті заттарды;

психотроптық заттарды, жарылғыш заттарды, жарылғыш құрылғыларды, жарылыс қаупі бар және тез тұтанатын заттарды;

алкогольдік ішімдіктерді, есірткі заттарын, тез тұтанатын сұйықтықтарды (өндірістік мақсатта қажеттілерді қоспағанда) көлікпен әкелуге (әкетуге), алып кіруге (алып шығуға), сондай-ақ пайдалануға тыйым салу туралы режимдік талаптарды сақтауға.

17) Шарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Тапсырыс берушіге ілеспе хатпен бірге Тауардың үлгісін ұсынуға;

18) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігі салдарынан Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге жазбаша хабарлауға, шығындарды толық көлемде өтеуге және Шарттың талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбын төлеуге;

19) Тауармен бірге Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 876

шешімімен бекітілген «Жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентінің (КО ТР 017/2011) талаптарына сәйкес сәйкестік сертификатының/декларациясының көшірмесін ұсынуға;

20) Шарттан туындайтын және онда реттелмеген мәселелерді және Тараптардың басқа да қатынастарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге және/немесе реттеуге;

21) Шарт талаптарына сәйкес Актіге қол қоюға міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Шарт талаптарына сәйкес жеткізілген Тауарға ақы алуға;

2) Тауар бірлігінің бағасын өзгертпестен жақсартылған сапалық сипаттамалары бар тауарды жеткізуге құқылы.

3) Шартқа сәйкес басқа Тарапқа кез келген хабарлама жіберген кезде оны почтамен, факспен, электрондық почтамен немесе кез келген басқа тәсілмен жіберуге құқылы.

4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Тауарды толық көлемде жеткізу мерзімі/күні күнтізбелік 30 (отыз) күн, Шарт күшіне енген күннен кейінгі күннен бастап есептеледі.

4.2. Тауарды жеткізу орны: А01Т7М2, г. Алматы қ., Райымбек даңғ., №511 үй, жұмыс күндері сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін.

4.3. Тауарды Тапсырыс беруші:

1) саны мен сапасы бойынша - жүкқұжатқа, Шарттың 3.3-тармағының 19) тармақшасында көрсетілген құжаттар мен талаптарға және Шарттың 3.1-тармағының 4) тармақшасында көзделген Тауардың бақылау үлгісіне сәйкес;

2) бағасы бойынша - Шарт талаптарына сәйкес қабылдайды.

4.4. Тапсырыс берушінің Шартқа сәйкес жеткізілген Тауардың сапасын тексеруі - күнтізбелік 5 (бес) күн.

4.5. Тауарды тексеру барысында анықталған ақаулар болған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге пошта, электрондық пошта және басқалар арқылы жазбаша хабарлама жібереді, оларды жою немесе жаңа, ұқсас Тауарға ауыстыру немесе техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес келетін қолда бар Тауардың техникалық деректерінен нашар емес Тауарға ауыстыру - 10 (он) жұмыс күні.

4.6. Ақаулар болмаған немесе олар жойылған жағдайда, Тапсырыс беруші мен Жеткізуші күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Актіге қол қояды. Акт Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша жасалады.

4.7. Тауарға меншік құқығы Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге өтеді.

4.8. Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауар Шарттың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Тауар Шарттың 3.4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жеткізілген жағдайда, егер ол Тапсырыс беруші үшін қолайлы болса, мұндай Тауар қабылданады. Бұл ретте Тараптардың Шартқа қосымша келісім жасауы талап етілмейді.

5. КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті адамдары *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* қол қойған

күннен бастап 6 ай ішінде Тапсырыс беруші ұсынған нысан бойынша кепілгердің міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны Тапсырыс берушіге беру арқылы Тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.

5.2. Кепілдік мерзімі ішінде жеткізілген Тауарда ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оларды өз есебінен жоюға немесе ақаулы Тауарды бағасы ұқсас және тиісті сападағы жаңа Тауарға ауыстыруға (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) міндеттенеді.

5.3. Ауыстырылған Тауарға немесе ақаулар жойылған Тауарға кепілдік мерзімі ақаулы Тауарды жою немесе ауыстыру жүргізілген уақыт кезеңіне ұзартылады.

5.4. Ақауларды жою немесе ақаулары бар Тауарды бағасы мен тиісті сапасына ұқсас (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда, Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

5.5. Жеткізуші Шарт аясында жеткізілген Тауардың жаңа екеніне кепілдік береді.

5.6. Жеткізушінің кепілдік міндеттемелері Шарттың 5.1-тармағында, Актіде, жазбаша кепілдік міндеттемеде, Тауардың ақауларын жою актісінде немесе оны ауыстыру актісінде белгіленген мерзім ішінде қолданылады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірмей Жеткізушіден өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда, Тауарды жеткізу күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,5 % (нөл бүтін оннан бес пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 15 % (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) ақаулы Тауарды ауыстыру немесе Тауардағы ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда, ақаулы Тауарды жаңа, бағасы ұқсас және тиісті сападағы (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) Тауарға ауыстыру немесе Тауардағы ақауларды жою күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,5 % (нөл бүтін оннан бес пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.3. Ақауларды жоюға және (немесе) ақаулы Тауарды бағасы мен тиісті сапасы бойынша ұқсас жаңа (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) Тауарға ауыстыруға мүмкіндігі болмаған/бас тартқан жағдайда:

- Тауарды қабылдау-өткізу барысында Жеткізуші ақаулы Тауар құнынан 15 % (он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді;

- Жеткізуші кепілдік мерзімінде ақаулы Тауар құнынан 15 % (он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді және Тапсырыс берушіге ақаулы Тауардың құнын қайтарады.

6.4. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірген әрбір жұмыс күні үшін төлеуге жататын сомадан 0,5 % (нөл бүтін оннан бес пайыз), бірақ төлеуге жататын сомадан 15 % (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Тараптардың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, жасырын ақпаратты жариялаған Тарап басқа Тарапқа Шарттың жалпы сомасынан 15 % (он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған жасырын ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды Жеткізушіден өтеуін талап етуге құқылы.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлемді жүзеге асыру кезінде Жеткізушінің келісімінсіз өз бетінше тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 15 % (он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.10. Тапсырыс беруші Шарттың 3.3-тармағының 18) тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарламаны алған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 15 % (он бес пайыз) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлейді.

7. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарының және ұсынушы Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты (оның ішінде техникалық құжаттама, жоспарлар, сызбалар, модельдер, үлгілер немесе Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған өзге де ақпарат) екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінші тарапқа:

1) Шартты орындау үшін Жеткізуші тартқан қызметкерге ұсыну жағдайын қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды. Көрсетілген ақпарат аталған қызметкерге жасырын түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылса не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды.

7.2. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

7.3. Жасырын ақпаратты жария еткен жағдайда Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес

жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен мынадай еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де дүлей зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер, азамат соғысы, халықтық толқулар, шектеу шаралары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдердің туындауы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайларының әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлардың қолданылу кезеңіне ауыстырылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмайтын Тарап Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың басталғаны және тоқтатылғаны туралы олардың себептерін көрсете отырып, екінші Тарапты дереу жазбаша хабардар етеді, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер дәлелдемелерді талап етпейді. Бұл ретте Тараптардың келісімі бойынша Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқығы бар, одан кейін Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптан қандай да бір зиянды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындылығына қарай орындауды жалғастырады және көрсетілген жағдайларға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздестіруді жүргізеді.

9. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

(бұл бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талаптар болған кезде қолданылады)

9.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін Шарттың жалпы сомасынан ___% (___ пайызы) мөлшерінде енгізеді:

- 1) Тапсырыс берушінің банк шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша түрінде енгізеді.

9.2. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Жеткізушіге Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті адамдары *<Тауарды жеткізу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың атауы>* қол қойған күннен бастап және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады.

9.3. Егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны не Шартта көзделген негіздер бойынша, мерзімде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

10.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

11. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап екінші Тарапты тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабардар етеді.

11.2. Шартқа барлық өзгерістер Шарттың 11.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, қосымша келісіммен ресімделеді және оған Тараптар қол қояды.

11.3. Тапсырыс беруші:

1) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерде дәйексіз ақпарат анықталған;

3) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген көмекті көрсеткен;

4) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілікте болмайды;

5) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

6) Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.4. Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол өткен соң Шарт бұзылды деп есептеледі. Хабарламада Шартты бұзу себебі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

12. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша міндеттемелерді, оның ішінде кепілдік берілеген міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

13. ШАРТТЫҢ ТІЛІ

13.1. Шарт әрқайсысының заңды күші бірдей төрт данада: екеуі қазақ тілінде және екеуі орыс тілінде жасалды.

14. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

14.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) оның ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

14.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына ауысады.

15. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРЛЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс берушінің заңды мекенжайы мен тұрғылықты жері>
<Тапсырыс берушінің тұрғылықты жерінің нақты мекенжайы>
<Тапсырыс берушінің ЖСК>
<банктің атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс берушінің атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.Ө. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізушінің заңды мекенжайы мен тұрғылықты жері>
<Жеткізушінің тұрғылықты жерінің нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банктің атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізушінің атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.Ө. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі, аты, әкесінің аты.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках

<наименование товара>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок <наименование товара> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок разместил объявление о проведении закупок <наименование товара> (далее - Товар) способом запроса ценовых предложений и принял ценовое предложение Поставщика на сумму _____ тенге __ тиын(_____ тенге __ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство поставить Товар в соответствии с ценой за единицу Товара, наименованием, количеством, комплектностью, указанными в технической спецификации, в срок и на условиях, предусмотренных Договором.

1.3. Перечень и техническая спецификация закупаемого Товара предусмотрены в приложениях 1 и 2 к Договору.

2. ОБЩАЯ СУММА ДОГОВОРА И ПОРЯДОК ОПЛАТЫ

